

Түркістан облысы ДСБ
«Облыстық офтальмологиялық ауруханасы» ШЖҚ МКК
жалпы жиналысының
№16 хаттамасы

19.06.2023 жыл

Шымкент қ.

Қатысқандар: аурухана қызметкерлері

Күн тәртібі:

Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ҚР Заңына сәйкес, «Сыбайлас жемқорлықпен күрестің басты бағыты - оның алдын алу» тақырыбында ақпараттық түсіндірме жұмыстары туралы.

Төрағалық етуші Ч.А.Сеилбеков жиналысты ашық деп жариялап, Түркістан облысы қаржы және мемлекеттік аквитер басқармасының тапсырмасын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ҚР Заңымен таныстыру, сондай-ақ, «Сыбайлас жемқорлықпен күрестің басты бағыты - оның алдын алу» тақырыбында ақпараттық түсіндірмесін таныстырып түсіндіру үшін басшының орынбасары А.Шегайға сөз берді.

А.Шегай: «Сыбайлас жемқорлықпен күрестің басты бағыты - оның алдын алу» тақырыбында келесідей түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттары және мақсаты мен міндеттеріне тоқталып өтті.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет.

Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына себеп болады. Салауатты, таза және сау ортаны ұстанып, тыныс-тіршілігін тарылтатын, заңсыз әрекеттермен қоғамдық ортаның және мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, дара кәсіпкерлердің, азаматтардың қызмет етуіне қатер төндіретін қауіпті дертті болдырмаудың тетігі мына өзімізде. Бұл дерттің алдын алып, қоғамға таралу жолдарын кесіп, оның ұлғаюына жол бермеуіміз керек. Ол үшін қарсы атсалысып жұмылуымыз қажет. Сонда ғана ел мүддесі үшін зор үлес қосатынымыз және хадық сенімінен шығатынымыз анық. Ендеше жемқорлықты жоюды мақсат еткен барлық қауым заңнамалардың талапқа сай орындалуына мүдделілік танытуға міндетті.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың мақсаты мен міндеттері

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың мақсаты қоғамда сыбайлас жемқорлықты жою болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мақсатына қол жеткізу мынадай:

1. қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбестік ахуалын қалыптастыру;
2. сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін жағдайлар мен себептерді анықтау және олардың салдарларын жою;
3. сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің өзара іс-қимылын нығайту;
4. сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі халықаралық ынтымақтастықты дамыту;
5. сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру міндеттерін шешу арқылы іске асырылады.

Жиналыс соңында сыбайлас жемқорлыққа қатысты барлық мәселелер жан-жақты талқыланып, мекеме қызметкерлері тарапынан қойылған сұрақтарға нақты жауаптар берілді.

Жиналыс төрағасы Ч.А.Сеилбеков жиналысты қорытындылады.

Жиналыс төрағасы

Ч.А.Сеилбеков

Хатшы

А.Ташенова

